ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 ақпан іс №7119-24-00-2/1205 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Казаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Алижан» дара кәсіпкері
«Сапабеков» дара кәсіпкері
«КАСЫМБЕКОВА ЖАННА СЕРИКБАЕВНА» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Казаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Алижан» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Алижан» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Сапабеков» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Сапабеков» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«КАСЫМБЕКОВА ЖАННА СЕРИКБАЕВНА» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КАСЫМБЕКОВА ЖАННА СЕРИКБАЕВНА» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 15.02.2024

Дата вступления в законную силу: 26.03.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 03.04.2024